

**Шымкент қаласы білім басқармасына қарасты
№11 «Аружан» бөбекжай-бақшасы МКҚК**

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

**2023 жылғы 4 қазан
Шымкент қаласы**

№ 25

**Консультациялық пункт жұмысын
ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделінің 48-51 тармақтарын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №249 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының 118 тармағын орындау мақсатында
БҰЙЫРАМЫН:

1. 2023-2024 оқу жылында балалары балабақшамен қамтылмаған ата-аналарға арналған консультациялық пункт жұмысы ұйымдастырылсын.
2. Бекітілсін:
 - 2.1. Консультациялық пунктте жұмыс жасайтын жауапты мамандар тізбесі;
 - 2.2. Консультациялық пункттің жұмыс кестесі;
 - 2.3. Консультациялық пункттің жұмыс жоспары;
 - 2.4. Консультациялық пунктте өткізілген іс-шараларды сайтқа жүктейтін, жариялайтын маман.
3. Консультациялық пункттің жұмысын ұйымдастыру және жүргізу 1-қосымшада бекітілген мамандарға жүктелсін.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау және қадағалау балабақшаның әдіскері Идияева Роза Казбековнаға жүктелсін.

Негізі: Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының 118 тармағы

Балабақша меңгерушісі



А.А. Кадыркулова